	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	Адами ресурстарды дамыту департаменті	Марапаттары туралы Ереже

БЕКІТІЛДІ
Басқарма шешімімен
2026 жылғы «04» наурыз
№ 4 хаттама




«С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КеАҚ марапаттары туралы Ереже

Қолданылу мерзімі 2026 жылғы «04» наурыздан бастап 2029 жылғы «03» наурызға дейін	Ұзарту мерзімі 20__ жылғы «__» _____ дейі	Мәртебесі: Қолданыстағы <input type="checkbox"/> Ескірген <input type="checkbox"/>
Алдыңғы ескірген құжат: Басқарма шешімі 2020 жылғы 21.12. № 18 хаттама	Құжатты басқаруға жауапты тұлғаның қолы _____	Код № _____ Көшірме № _____ Дана № _____



МАЗМҰНЫ		Беті
1	Жалпы ережелер	3
2	Университет марапаттарының түрлері мен сипаттамасы	3
3	Университет марапаттарына ұсыну тәртібі	3
4	Марапаттау материалдарын қарау тәртібі	4
5	Университет марапаттарын табыстау тәртібі	4
6	Қорытынды ережелер	5
	1-қосымша	6
	2-қосымша	9
	3-қосымша	14
	4-қосымша	15
	5-қосымша	16
7	Танысу парағы	17
8	Өзгерістерді тіркеу парағы	18

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Адами ресурстарды дамыту департаменті	Марапаттары туралы Ереже	Редакция: 2
			Страница 3 из 18

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КеАҚ (бұдан әрі – университет) шегінде қолданылатын ішкі нормативтік құжат болып табылады және марапаттардың түрлері мен сипаттамасын айқындайды, сондай-ақ марапаттауға ұсыну тәртібі мен марапаттау рәсімін реттейді.

2. Оқу, ғылыми, емдеу, тәрбие, қаржы-шаруашылық және әкімшілік қызметтегі нәтижелі еңбегі үшін университет қызметкерлері университет марапаттарымен марапатталады.

3. Университет марапаттарымен университет қызметкерлері болып табылмайтын тұлғалар, оның ішінде университеттің дамуына ерекше үлес қосқан шетел азаматтары да марапатталуы мүмкін. Сондай-ақ, еңбек сіңірген демалыстағы университет ардагерлері де марапатталуы мүмкін.

4. Университет қызметкерлерін марапаттау Республика күні, Медицина қызметкері күніне орай, сондай-ақ өзге де маңызды және ерекше жағдайларда Кадрлар жөніндегі кеңестің шешімі негізінде Ректордың бұйрығымен жүзеге асырылады. Сонымен қатар, университеттің дамуына ықпал еткені үшін мемлекеттік және қоғамдық қайраткерлер, шетел азаматтары және өзге де тұлғалар, сондай-ақ мерейтойлық күндерге орай көрнекті ұстаздар мен ғалымдар университет марапаттарымен марапатталуы мүмкін.

5. Осы Ережені енгізу және іске асыру, марапаттарды есепке алу, сақтау, дайындау және тапсыру жауапкершілігі Адам ресурстарын дамыту департаментіне жүктеледі.

2. Университет марапаттарының түрлері мен сипаттамасы

6. Марапаттардың түрлері осы Ереженің 1-қосымшасында көрсетілген.

7. Марапаттардың сипаттамасы осы Ереженің 2-қосымшасында көрсетілген.

3. Университет марапаттарына ұсыну тәртібі

8. «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің құрметті профессоры» атағын беру туралы ұсыныс университеттің Кадрлар жөніндегі кеңесінің қарауына шығарылады.


9. Марапаттардың өзге түрлері бойынша ұсыныстар Кадрлар жөніндегі кеңестің қарауына келесі тұлғалармен ұсынылады:

1) мектептер/факультеттер қызметкерлері және профессорлық-оқытушылық құрам бойынша – декандар;

2) құрылымдық бөлімшелер қызметкерлері бойынша – құрылымдық бөлімше басшысы, Басқарманың жетекшілік ететін мүшесімен/басқарушы директорымен келісу арқылы;

3) құрылымдық бөлімше басшылары мен декандар бойынша – Басқарманың жетекшілік ететін мүшесі/басқарушы директорлар;

4) Басқарма мүшелері мен басқарушы директорды марапаттау туралы шешімді Ректор қабылдайды.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Адами ресурстарды дамыту департаменті	Марапаттары туралы Ереже	Редакция: 2 Страница 4 из 18

10. 3.2-тармақтың 1) және 2) тармақшалары бойынша ұсыныстар 3-қосымшаға сәйкес дайындалады.

11. 3.2-тармақтың 3) тармақшасы бойынша ұсыныстар марапаттауға ұсынылатын әрбір тұлға үшін жеке 4-қосымшаға сәйкес дайындалады.

12. Университет қызметкерлері болып табылмайтын тұлғаларды, еңбек сіңірген демалыстағы университет ардагерлерін, сондай-ақ шетел азаматтарын марапаттау туралы ұсыныстар Басқарма мүшелері, мектептер/факультеттер декандары, Ардагерлер кеңесі және университеттің кәсіподақ ұйымы арқылы ұсынады.

13. Қызметкерлерді келесі марапатқа ұсыну алдыңғы марапаттаудан кейін кемінде 2 жыл өткен соң ұсынылады.

14. Бір адам бір марапатпен екі рет марапатталмайды.

15. Қызметкерлерді марапаттау туралы ұсынымдар жылына екі рет жіберіледі:

1) Медицина қызметкері күніне – 10 мамырға дейін;

2) Республика күніне – 15 қыркүйекке дейін.

16. Дұрыс ресімделмеген немесе белгіленген мерзімде ұсынылмаған марапаттау құжаттары қарауға қабылданбайды.

4. Марапаттау материалдарын қарау тәртібі

17. Адам ресурстарын дамыту департаменті Кадрлар жөніндегі кеңестің қарауына ұсынылған марапаттау материалдарын жинақтау, талдау және дайындауды жүзеге асырады.

18. Кадрлар жөніндегі кеңес марапаттауға ұсынылған тұлғалардың материалдарын қарап, Ректорға марапаттау кандидатураларды ұсынады.

19. Кадрлар жөніндегі кеңестің марапаттау немесе марапаттаудан бас тарту туралы шешіміне қатысты шағымдар мен өтініштер қаралмайды.

20. Кадрлар жөніндегі кеңестің шешімі негізінде университет марапаттарымен марапаттау туралы Ректордың бұйрығы шығарылады және университеттің ресми сайтында жарияланады.

5. Университет марапаттарын тапсыру тәртібі

21. Марапаттарды тапсыру салтанатты жағдайда өткізіледі.


22. Марапаттарды университет Ректоры және/немесе Ректордың атынан және тапсырмасы бойынша Басқарма мүшелері, мектеп декандары табыстайды.

23. Әрбір марапатталған тұлғаға марапатты тапсырумен қатар марапаттау туралы құжаттар беріледі:

1) «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің құрметті профессоры» атағына ие болған тұлғаға – сертификат және профессор мантиясы;

2) университет медальдарымен марапатталған тұлғаларға – белгіленген үлгідегі медаль куәлігі.

24. Марапаттау туралы құжаттардың қолданылу мерзімі шектелмейді. Марапаттау құжаттарына қандай да бір түзетулер енгізуге жол берілмейді.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Адами ресурстарды дамыту департаменті	Марапаттары туралы Ереже	Редакция: 2
		Страница 5 из 18	

Марапатталған тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты өзгерген жағдайда марапаттау құжаты ауыстырылмайды.

25. Марапаттау құжаттары жоғалған жағдайда олардың дубликаты берілмейді.

26. Марапаттарды тапсыруға дейін тапсыру орны бойынша 5-қосымшаға сәйкес марапатталған тұлғалардың тізімі жасалады, онда марапатталған тұлға марапатты алғаны туралы жеке қол қояды.

6. Қорытынды ережелер

27. Осы Ереже Басқарманың шешімімен бекітілген сәттен бастап күшіне енеді және жаңа ереже қабылданғанға дейін қолданылады.

28. Осы Ережеге енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар Басқарманың шешімімен бекітіледі.



Қосымша №1

Марапат түрлері

№	Атауы	Мақсаты
1	«С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің құрметті профессоры» атағы	<p>Бұл атақ университеттің ғылыми, білім беру және клиникалық қызметін дамытуға ерекше үлес қосқаны үшін беріледі:</p> <ol style="list-style-type: none">университетте және/немесе медициналық білім беру мен ғылым саласында кемінде 30 жыл еңбек өтілі бар университет ғалымдарына және ізденушінің жетекшілігімен диссертация қорғап, университетте жұмыс істейтін кемінде 5 оқушы-ғылым кандидатын/ғылым докторын, PhD докторларын даярлаған және/немесе Clarivate Analytics компаниясының Journal Citation Reports деректері бойынша 1, 2 және 3 квартильге кіретін халықаралық рецензияланатын журналдарда кемінде 5 мақала жариялаған немесе Scopus деректер базасында CiteScore бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 25 және Хирш индексі (h-index) кемінде 5 болатын және/немесе ғылыми негізделген жаңа зерттеу нәтижелерін оқу процесіне және/немесе практикалық денсаулық сақтау саласына тиімді енгізген тұлғаларға;саланың және/немесе елдің дамуына елеулі үлес қосқан тұлғаларға;медициналық білім беру және ғылым саласында университетпен стратегиялық әріптестікті дамытуға үлкен үлес қосқан немесе университет ғалымдарымен бірлесіп қаржыландырылатын ғылыми жобаларды іске асырған және университет ғалымдарымен бірлескен кемінде 3 жарияланым бар, Clarivate Analytics компаниясының Journal Citation Reports деректері бойынша 1, 2 және 3 квартильге кіретін халықаралық рецензияланатын журналдарда жарияланған немесе Scopus деректер базасында CiteScore бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 25 болатын шетел азаматтарына.



2	«С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің еңбек ардагері»	Зейнеткерлік жасқа толған, жалпы жұмыс өтілі 40 жылдан астам, оның ішінде университетте кемінде 20 жыл жұмыс өтілі бар, сондай-ақ еңбек қызметінде ең жоғары нәтижелерге қол жеткізген қызметкерлер медалімен марапатталады.
3	I дәрежелі «Алтын ұстаз» медалі	Университет және медициналық білім беру жүйесі алдындағы ерекше еңбегі үшін, келесі талаптар болған жағдайда қызметкерлер марапатталады: <ul style="list-style-type: none">• университетте педагогикалық қызмет өтілі кемінде 25 жыл;• ғылыми кадрларды даярлауда, білім беру бағдарламаларын және оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеуде елеулі жетістіктерінің болуы;• танылған ғылыми еңбектері және ғылым мен клиникалық практиканы дамытуға қосқан үлесі;• Университеттің стратегиялық дамуына белсенді қатысуы.
4	II дәрежелі «Алтын ұстаз» медалі	Университет және медициналық білім беру жүйесі алдындағы ерекше еңбегі үшін, келесі талаптар болған жағдайда қызметкерлер марапатталады: <ul style="list-style-type: none">• педагогикалық қызмет өтілі кемінде 15 жыл;• білім беру және ғылыми қызметте тұрақты жоғары нәтижелерінің болуы;• университеттің білім беру және ғылыми жобаларын іске асыруға қатысуы;• білім алушыларды даярлау сапасын арттыруға қосқан үлесі.
5	«Алтын ұстаз» III дәрежелі белгісі	Университет және медициналық білім беру жүйесі алдындағы ерекше еңбегі үшін, келесі талаптар болған жағдайда қызметкерлер марапатталады: <ul style="list-style-type: none">• педагогикалық қызмет өтілі кемінде 7 жыл;• білім беру саласында адал әрі нәтижелі еңбек етуі;• оқу, тәрбие және әдістемелік үдерістерге белсенді қатысуы;• кәсіби қызметінің оң көрсеткіштерінің болуы.
6	«С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің алтын медалі»	Университетте 15 жылдан астам жұмыс істеген, еңбек, оқу, ғылыми, клиникалық, тәрбие қызметінде ең жоғары нәтижелерге қол жеткізген қызметкерлер медальмен марапатталады.



7	«С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің күміс медалі»	Университетте 10 жылдан астам жұмыс істеген, еңбек, оқу, ғылыми, клиникалық, тәрбие қызметінде ерекше жетістіктері үшін қызметкерлер медальмен марапатталады.
8	«С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің қола медалі»	Университетте 5 жылдан астам жұмыс істеген, еңбек, оқу, ғылыми, клиникалық, тәрбие қызметіндегі елеулі жетістіктері үшін қызметкерлер медальмен марапатталады.
9	Құрмет грамотасы	Университетте 3 жылдан астам еңбек, оқу, ғылыми, клиникалық, тәрбие қызметінде елеулі жетістіктері бар қызметкерлер марапатталады.
10	Алғыс хат	Университетте 1 жылдан астам жұмыс істеген, еңбек, оқу, ғылыми, клиникалық, тәрбие қызметіндегі елеулі жетістіктері үшін қызметкерлер марапатталады.



Қосымша №2

МАРАПАТТАРДЫҢ СИПАТТАМАСЫ

№	Үлгі	Сипаттама
1		<p>«С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің құрметті профессоры» атағы.</p> <p>Марапат ретінде профессор мантиясы және өлшемі 24x30 см, қызыл ағаш түстес боялған МДФ негізіндегі плакеткаға орналастырылған сертификат беріледі. Плакеткаға өлшемі 20x25 см болатын алтын түстес металл пластина бекітіледі, оған университеттің логотипі және мемлекеттік немесе ағылшын тіліндегі мәтін түсіріледі (үлгісі суретте көрсетілген).</p>
2		<p>«С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің еңбек ардагері» медалі</p> <p>Медаль – «ҚазҰМУ Еңбек ардагері» деп жазылған университет логотипі бар. Ол алтын түстес металдан (жеңіл балқитын металдардан) жасалады және университет логотипінің формасында болады.</p> <p>Өлшемдері: Медаль колодкасымен: 29 x 35 мм, қалыңдығы 2–2,5 мм; Колодка: 24 x 22 мм, қалыңдығы 1,7–2 мм.</p> <p>Бояуы: салқын эмаль (күлгін).</p> <p>Өндіру әдісі: құю (литье).</p> <p>Медальдың алдыңғы беті (аверс) үлгі ретінде суретте көрсетілген, артқы беті (реверс) маталы болады. Барлық бейнелер мен жазулар рельефті (көлбеу) түрде жасалған.</p> <p>Медаль колодкаға құлақша мен сақина арқылы қосылады және киімге түйреуіш арқылы бекітіледі. (бекіту – түйреуіш арқылы).</p>



3



I дәрежелі «Алтын ұстаз» медалі

Сипаттамасы:

Медальдың алдыңғы бетінде (аверс) ашық кітап бейнеленген – даналық, білім мен ғылымның символы; жыланмен оралған таяқ – медицина символы, жақсылық, әл-ауқат және денсаулықтың белгісі; барыс – Қазақстанның ұлттық символы, еркіндік, күш пен берекенің белгісі. Бұл элементтердің бірлігінде университеттің білім беру, ғылыми және медициналық озық технологияларды интеграциялау арқылы даму символы көрініс табады. Медаль ювелирлік металл қоспасынан жасалады, кейін алтын және күміс түсті гальванопокрытиге қолданылады. Рельеф жылтыр, фон – ұсақ тор.

Жазулар: Аверс: «Алтын ұстаз» және «I дәреже»; Реверс: КазНМУ логотипі және «С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ».

Өлшемдері: Медаль мен колодка: кемінде 45x45 мм, қалыңдығы 2–2,5 мм; Колодка: кемінде 24x22 мм, қалыңдығы 1,7–2 мм.

Бекіту: түйреуіш арқылы.

Куәлік: бумвинилден жасалған, кемінде 165x100 мм көлеміндегі кітапшак.

4



II дәрежелі «Алтын ұстаз» медалі (колодка, куәлік және футлярмен бірге)

Сипаттамасы: Медаль ювелирлік металл қоспасынан жасалып, кейін алтын және күміс түсті гальванопокрытигемен өңделеді. Рельеф жылтыр, фон – ұсақ тор.

Жазулар: Аверс: «Алтын ұстаз» және «II дәреже»; Реверс: КазНМУ логотипі және «С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ».

Өлшемдері: Медаль мен колодка: кемінде 34x34 мм, қалыңдығы 2–2,5 мм; Колодка: кемінде 24x22 мм, қалыңдығы 1,7–2 мм.

Бекіту: түйреуіш арқылы.

Куәлік: бумвинилден жасалған, кемінде 165x100 мм көлеміндегі кітапшак.

Футляр: бумвинилден, қақпақпен жабылады.



5		<p>ІІІ дәрежелі «Алтын ұстаз» белгі (куәлік және футлярмен бірге) Сипаттамасы: Белгі ювелирлік металл қоспасынан жасалып, кейін алтын және күміс түсті гальванопокрытиеммен өңделеді. Рельеф жылтыр, фон – ұсақ тор. Жазулар: Аверс: «Алтын ұстаз» және «ІІІ дәреже». Өлшемдері: Белгі: кемінде 25x25 мм, қалыңдығы 2–2,5 мм. Бекіту: түйреуіш немесе цанга арқылы. Куәлік: бумвинилден жасалған, кемінде 165x100 мм көлеміндегі кітапшақ. Футляр: бумвинилден, қақпақпен жабылады.</p>
6		<p>«С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің алтын медалі». ҚазҰМУ алтын медалі (колодка, куәлік және футлярмен бірге) Сипаттамасы: Медаль жеңіл балқитын металдан жасалып, алтын түсті қаптамамен (позолоченное покрытие) өңделеді. Медальда ҚазҰМУ логотипі орналасқан. Өлшемдері: Медаль мен колодка: 29 x 35 мм, қалыңдығы 2–2,5 мм; Колодка: 24 x 22 мм, қалыңдығы 1,7–2 мм. Бояуы: салқын эмаль (күлгін). Өндіру әдісі: құю (литье). Медальдың алдыңғы беті (аверс) үлгі ретінде суретте көрсетілген, артқы беті (реверс) маталы. Барлық бейнелер мен жазулар рельефті (көлбеу) түрде жасалған. Медаль колодкаға құлақша мен сақина арқылы қосылады және киімге түйреуіш арқылы бекітіледі (бекіту – түйреуіш арқылы).</p>
7		<p>«С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің күміс медалі» ҚазҰМУ күміс медалі (колодка, куәлік және футлярмен бірге) Сипаттамасы: Медаль жеңіл балқитын металдан жасалып, күміс қаптамамен (посеребренный металл) өңделеді. Медальда ҚазҰМУ логотипі орналасқан. Құрамы: медаль колодкамен, куәлік және футлярмен бірге беріледі. Өлшемдері: Медаль мен колодка: 29 x 35 мм, қалыңдығы 2–2,5 мм; Колодка: 24 x 22 мм, қалыңдығы 1,7–2 мм.</p>



		<p>Бояуы: салқын эмаль (күлгін). Өндіру әдісі: құю (литье). Медальдың алдыңғы беті (аверс) үлгі ретінде суретте көрсетілген, артқы беті (реверс) маталы. Барлық бейнелер мен жазулар рельефті (көлбеу) түрде жасалған. Медаль колодкаға құлақша мен сақина арқылы қосылады және киімге түйреуіш арқылы бекітіледі (бекіту – түйреуіш арқылы).</p>
8		<p>«С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің қола медалі» ҚазҰМУ қола медалі (колодкамен бірге) Сипаттамасы: Медаль жеңіл балқитын металдан жасалып, ҚазҰМУ логотипі бар. Құрамы: медаль колодкамен бірге беріледі. Өлшемдері: Медаль мен колодка: 29 x 35 мм, қалыңдығы 2–2,5 мм; Колодка: 24 x 22 мм, қалыңдығы 1,7–2 мм. Бояуы: салқын эмаль (күлгін). Өндіру әдісі: құю (литье). Медальдың алдыңғы беті (аверс) үлгі ретінде суретте көрсетілген, артқы беті (реверс) маталы. Барлық бейнелер мен жазулар рельефті (көлбеу) түрде жасалған. Медаль колодкаға құлақша мен сақина арқылы қосылады және киімге түйреуіш арқылы бекітіледі (бекіту – түйреуіш арқылы).</p>



9



Құрмет грамотасы. С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің Құрмет грамотасы А3 форматында, «Тач Кавер» (Touch Cover) дизайнерлік қағазында дайындалады. Басып шығару түрлі - түсті, жақтау барлық жағынан алтын. Сол жағында ортасында С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ логотипінің түрлі-түсті бейнесі орналасқан. Төменде логотиптің астында мемлекеттік тілдегі мәтін деген жазудың астында алтын бедермен орындалған «Құрмет грамотасы» деген жазу бар. Төменгі бөлігінде қол қоюға арналған мәтін орналасады, қолы елтаңбалы мөрмен куәландырылады.

Оң жағында ортасында С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ логотипінің түрлі-түсті бейнесі орналасқан. Төменде логотиптің астында алтын бедермен орындалған «Құрмет грамотасы» деген жазу, төменде орыс тіліндегі мәтін деген жазу бар.

Құрмет грамотасына арналған папка.

А4 форматындағы қалта бумвинилден (қағаз негізіндегі ПВХ қабаты) жасалған. Папканың алдыңғы жағында, жоғарғы жағында ортада университет логотипінің суреті, төменде бір жолдың ішінде «Құрмет грамотасы» деген сөз бар. Папканың алдыңғы жағындағы барлық суреттер мен жазулар алтын түспен безедірілген. Ішкі беті ақ қағаз. Ішінде қағаздарды бекітетін таспа бар.

10



Алғыс хат.

Алғыс хат - тығыздығы 160 г/м² "сплендоргель" жоғары баспа және пайдалану қасиеттері бар ақ тегіс күңгірт сұрыпты қағаздан жасалған А4 (210 x 297 мм) өлшемді бланк.

Басып шығару түрлі-түсті, жақтау барлық жағынан алтын. Ортасында С. Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ логотипінің түрлі-түсті бейнесі орналасқан.

Логотиптің астында "Алғыс хат" деген жазу, мемлекеттік тілдегі мәтін деген жазу бар. Төменгі бөлігінде қол қоюға арналған мәтін орналастырылады, елтаңбалы мөрмен куәландырылады.



Қосымша №3

С.Ж.Асфендияров атындағы
ҚазҰМУ кадрлар жөніндегі
Кеңесінің төрағасына

Председателю Совета по кадрам
КазНМУ имени С.Д.Асфендиярова


**ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ МАРАПАТТАУ ТУРАЛЫ ҰСЫНЫС/
ПРЕДСТАВЛЕНИЕ НА НАГРАДУ**

(мектеп/факультет, департамент, басқарма/бөлімше және т.б., бөлім атауы)/
(по школе/факультету/департаменту/управлению/отделу и др., название подразделения)

№ р/с	Аты- жөні/ Ф.И.О.	Туған жылы және жері/ Год и место рождения	Лауазымы, бөлім атауы/ Должность, подразделе ние	Жалпы еңбек өтілі/ Общий стаж	Осы еңбек ұжымындағы еңбек өтілі/ Стаж работы в данном коллективе	Бұрын алған наградалар ы туралы мәлімет/ Сведения об имеющихся наградах	Кандидатты ң айрықша үлесі туралы қысқаша мінездеме/ Краткая характерист ика об особых заслугах кандидата	
			С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ еңбек ардагері (Ветеран КазНМУ)					
			С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ алтын медалі (Золотая медаль)					
			С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ күміс медалі (Серебряная медаль)					
			С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ қола медалі (Бронзовая медаль)					
			Медаль «Алтын ұстаз» I степени					
			Медаль «Алтын ұстаз» II степени					
			Значок «Алтын ұстаз» III степени					
			Құрмет грамотасы (Почетная грамота)					
			Алғыс хат (Благодарность)					

Лауазымы/Должность

Аты-жөні/Ф.И.О.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Адами ресурстарды дамыту департаменті	Марапаттары туралы Ереже	Редакция: 2 Страница 15 из 18

Қосымша № 4

**С.Ж.Асфендияров атындағы
ҚазҰМУ кадрлар жөніндегі
Кеңесінің төрағасына**

**Председателю Совета по кадрам
КазНМУ имени С.Д.Асфендиярова**

**МАРАПАТТАУ ТУРАЛЫ ҰСЫНЫС/
ПРЕДСТАВЛЕНИЕ НА НАГРАДУ**

1. Аты-жөні/Фамилия, имя, отчество _____
2. Лауазымы, жұмыс орны/Должность, место работы (указать точное наименование должности и подразделения) _____
3. Туған жылы, айы/Год и место рождения _____
4. Ұлты/Национальность _____
5. Білімі/Образование _____
6. Ғылыми дәрежесі, атағы/Ученая степень, ученое звание _____
7. Қандай наградалармен марапатталған және мерзімі/Какими наградами награжден(а) и дата награждения: _____
8. Жалпы еңбек өтілі/Общий стаж работы _____
9. Саладағы жұмыс өтілі/Стаж работы в отрасли _____
10. Осы еңбек ұжымындағы өтілі/Стаж работы в данном трудовом коллективе _____
11. Марапатталушының айрықша еңбектері көрсетілген мінездеме/Характеристика с указанием конкретных особых заслуг награждаемого: _____

Үміткер келесі марапатқа ұсынылады/

Кандидатура представляется к _____
(марапаттың түрі/вид награды)

Лауазымы/Должность

Аты-жөні/Ф.И.О.

